Аннотация. Көпкомпонентті газдардағы диффузия бинарлы диффузия кезінде байқалмайтын бірқатар ерекше құбылыстармен сипатталады. Зерттеулерге жасалған талдау көрсеткендей, диффузия коэффициенттері айтарлықтай айырмашылығы бар кейбір жүйелерде белгілі бір геометриялық және жылу физикалық параметрлер кезінде конвективтік орнықсыздық пайда болуы мүмкін. Орнықтылыққа жасалған талдау диффузиялық күйден конвективтік күйге өтуі мүмкін параметрлер аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді, алайда бұл тәсіл конвективтік түзілімдердің пайда болу механизмі мен олардың уақыт бойынша дамуын толық сипаттай алмайды. Осыған байланысты жұмыс барысында үшкомпонентті газ жүйелеріндегі концентрациялық гравитациялық конвекцияның пайда болу шарттары, конвективтік ағындардың қалыптасуы мен олардың эволюциясы, сондай-ақ бастапқы қоспа құрамының жүйенің орнықсыздық сипаттарына әсері сандық модельдеу әдістері арқылы зерттеледі. Физикалық параметрлер бойынша жіктеу сызбасына негізделген математикалық модель ұсынылып, ол

«диффузия — концентрациялық конвекция» режимдерінің ауысу аймағында жүретін үрдістерді сипаттауға мүмкіндік береді. Сандық есептеулер нәтижесінде әртүрлі уақыт мезеттерінде молекулалық массасы ең үлкен газ компонентінің концентрация өрістері алынған. Алынған деректер изоконцентрациялық сызықтардың уақыт бойынша айтарлықтай деформацияланатынын және олардың бейсызық сипатқа ие болатынын көрсетеді. Бұл құбылыс жүйедегі механикалық тепе-теңдіктің орнықсыздығымен және компоненттердің өзара диффузия коэффициенттерінің айырмашылығымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, изоконцентрациялық сызықтардың қисаю дәрежесінің қоспа компоненттерінің бастапқы концентрацияларына тәуелді екендігі анықталды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері белгілі бір құрамдық қатынастарда ірі масштабты құрылымданған конвективтік ағындардың қалыптасатынын, ал кейбір жағдайларда жүйеде таза диффузиялық режимнің сақталатынын көрсетті. Алынған нәтижелер тәжірибелік бақылаулармен жақсы үйлесіп, көпкомпонентті газ қоспаларындағы масса алмасу үрдістерінің физикалық механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: концентрация, диффузия, тығыздық, қоспа, квазистационарлық араластыру, сандық есептеу

©В. Мукамеденкызы*, А. Избасар, А. Акикат, 2025.

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Mukamedenkyzy.venera@gmail.com

ИССЛЕДОВАНИЕ ВОЗНИКНОВЕНИЯ СТРУКТУРИРОВАННЫХ ТЕЧЕНИЙ, ОБУСЛОВЛЕННЫХ КОНЦЕНТРАЦИОННОЙ КОНВЕКЦИЕЙ В ТРЁХКОМПОНЕНТНЫХ ГАЗОВЫХ СИСТЕМАХ

Мукамеденкызы Венера — к.ф.-м.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Физико-технический факультет, Алматы, Казахстан,

E-mail: Mukamedenkyzy.venera@gmail.com; ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0003-3921-2812>;

Избасар Айсара — магистрант по специальности «Техническая физика», Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Физико-технический факультет, Алматы, Казахстан,

E-mail: aisara.izbasar@mail.ru; ORCID ID: <http://orcid.org/0009-0009-4373-944X>;

Акикат Аягөз — магистрант по специальности «Техническая физика», Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Физико-технический факультет, Алматы, Казахстан,

E-mail: Ayakozakikat123@gmail.com; ORCID ID: <http://orcid.org/0009-0006-1835-014X>.

Аннотация. Диффузия в многокомпонентных газовых системах характеризуется рядом специфических явлений, отсутствующих при бинарной диффузии. Анализ исследований показывает, что в некоторых системах с существенно различающимися коэффициентами диффузии при определённых геометрических и теплофизических параметрах может возникать конвективная неустойчивость. Методы линейного анализа устойчивости позволяют определить области параметров, при которых возможен переход от диффузионного режима к конвективному, однако такой подход не даёт полного представления о механизме формирования конвективных структур и их временной эволюции. В связи

с этим в работе с использованием численного моделирования исследуются условия возникновения концентрационной гравитационной конвекции в трёхкомпонентных газовых системах, процесс формирования конвективных течений и их динамика во времени, а также влияние начального состава смеси на характеристики неустойчивости. Предложена математическая модель, основанная на классификационной схеме по физическим параметрам, позволяющая описывать процессы в области перехода между режимами «диффузия — концентрационная конвекция». В результате численных расчётов получены поля концентрации газового компонента с наибольшей молекулярной массой в различные моменты времени. Анализ показал, что изоконцентрационные линии со временем значительно деформируются и приобретают нелинейный характер. Это связано с потерей устойчивости механического равновесия системы и различиями коэффициентов взаимной диффузии компонентов. Установлено, что степень искривления изоконцентрационных линий зависит от начальных концентраций смеси. Полученные результаты свидетельствуют о том, что при определённых соотношениях компонент формируются крупномасштабные структурированные конвективные течения, тогда как в других случаях система остаётся в чисто диффузионном режиме. Представленные данные хорошо согласуются с экспериментальными наблюдениями и расширяют понимание механизмов массопереноса в многокомпонентных газовых смесях.

Ключевые слова: концентрация, диффузия, плотность, смеси, квазистационарное смешение, численный расчёт

Кіріспе. Біртекті емес температуралық өрістегі гравитациялық конвекцияның пайда болуын зерттеу нәтижелері зерттелетін заттың қасиеттерімен байланысты жылу және массатасымалы үрдістерінің негізгі параметрлерін анықтау бойынша ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді. Бұл ұсынымдар нақты жағдайларда араласу режимдерін болжауға жол ашады.


Сонымен қатар, механикалық тепе-теңдіктің орнықсыздығының пайда болуы және одан әрі конвективтік түзілімдердің дамуы тығыздық градиенттері мен ауырлық күшінің бағытына тәуелді (Kossov, 2025; Nield, 2006; Bejan, 2004). Тиісті градиенттердің бағыттары сәйкес келмеген жағдайда конвективтік ауытқулардың пайда болуы мен олардың әрі қарай дамуы байқалады. Ал керісінше жағдайда ортада тұрақты стратификация орнайды және конвективтік қозғалыс орын алмайды.

Конвективтік орнықсыздықтың пайда болуы мен гидродинамикалық ауытқулардың одан әрі дамуының физикалық интерпретациясы (Nield, 2006; Bejan, 2004) еңбектерінде сипатталған. Алайда, бастапқыда тұрақты стратификация жағдайында жүретін изотермдік көпкомпонентті араласуды сипаттау үшін Рэлейдің жылулық есебінің формализмін қолдану (Kossov, 2014; Косов, 2004) жұмыстарында көрсетілгендей, бірнеше парциалдық концентрация градиенттерінің әсерін ескеруді талап етеді. Мұндай түзетудің маңыздылығы (Kossov, 2017; Bird, 2002) еңбектерінде дәлелденген, онда әртүрлі молекулалық

массалар мен диффузия коэффициенттері бар үшкомпонентті жүйелерде конвективтік ұйытқулардың бәсеңдейтін және күшейетін аймақтарының бар екендігі анықталған. Бұл көпкомпонентті диффузия кезінде құрылымдық ағындардың пайда болуына себеп болуы мүмкін. (Косов, 2004; Kossov, 2017) еңбектерінде дамытылған тәсіл тек берілген жылуфизикалық және геометриялық параметрлер аймағында «диффузия — конвекция» режимдерінің ауысу шекарасын ғана анықтайды. Құрылымды конвективтік ағындардың пайда болу процесі мен олардың әрі қарайғы эволюциясы қарастырылмаған. Сондай-ақ, көпкомпонентті газ жүйелеріндегі диффузия және орнықсыздық процестері бірқатар жұмыстарда (Ruev, 2009; Levintal, 2019; Shen, 2011; Arekhov, 2023; Bogatyrev, 2013; Bogatyrev, 2014) кеңінен зерттелген.

Осыған байланысты изотермиялық көпкомпонентті араласу жағдайында «диффузия — конвекция» режимдерінің ауысу шекарасында құрылымдық түзілімдердің пайда болу динамикасын зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Жұмыста бастапқы құрамдарға ие үшкомпонентті газ қоспаларының диффузиялық арналары арқылы араласуын зерттеуге арналған сандық зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Материалдар мен әдістері. Жұмыста цилиндрлік арнада үшкомпонентті газ қоспасының диффузиялық тасымалы зерттеледі. Есептің қойылуы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 - Көпкомпонентті массаалмасу моделі: а) Араласу аймағы; б) Көпкомпонентті қоспалардың диффузиялық ұшықтарда орналасуы

Каналдың жоғарғы бөлігі S_1 молекулалық массалары M_1 және M_3 болатын газ қоспасынан тұрады, бұл қоспа арнаның төменгі бөлігінде орналасқан S_2 молекулалық массасы M_2 болатын газға диффундирленеді. Осы кезде келесі болжамдар қабылданады:

1. Компоненттердің молекулалық массалары үшін M_i мына шарт орындалады:

$$M_3 > M_2 > M_1.$$

2. Тәуелсіз диффузия шарты мына түрде қарастырылады:

$$\sum_{i=1}^3 j_i=0 \text{ және } \sum_{i=1}^3 c_i=1$$

«Диффузия — конвекция» режимдерінің ауысу шекарасына жақын аймақта үшкомпонентті газ қоспасының көпкомпонентті араласу процесін сипаттау үшін Буссинеск жуықтауы (Kossov, 2019) негізінде жазылған шамаларға арналған гидродинамикалық теңдеулер жүйесі қолданылады:

$$\frac{\partial \mathbf{u}}{\partial t} + (\mathbf{u} \nabla) \mathbf{u} = -\frac{1}{\rho_0} \nabla p + \nu \nabla^2 \mathbf{u} + g (\beta_1 c_1 + \beta_2 c_2) \gamma, \quad (1)$$

$$\frac{\partial c_1}{\partial t} + \mathbf{v} \nabla \langle c_1 \rangle = D_{11}^* \nabla^2 c_1 + D_{12}^* \nabla^2 c_2,$$

$$\frac{\partial c_2}{\partial t} + \mathbf{v} \nabla \langle c_2 \rangle = D_{21}^* \nabla^2 c_1 + D_{22}^* \nabla^2 c_2,$$

$$\operatorname{div} \mathbf{v} = 0,$$

мұндағы $\langle c_i \rangle$ — санаудың бастауы ретінде алынған концентрацияның тұрақты орташа мәні, \hat{j} — бірлік вектор, ν — кинематикалық тұтқырлық коэффициенті, ρ_0 — қоспаның тығыздығының орташа мәні.

Қоспаның концентрацияға тығыздығы мына қатынаспен анықталады:

$$\beta_i = \frac{1}{\rho_0} \left(\frac{\partial \rho}{\partial c_i} \right)_{p, T, c_j},$$

$$\rho = \rho_0 (1 - \beta_1 c_1' - \beta_2 c_2'),$$

Орташа массалық және орташа сандық жылдамдықтардың ауытқулары бірдей ретте болғандықтан, келесі қатынастардағы шамаларды ν орнына u қолдануға болады (Косов, 2004). Өлшеудің сипаттамалық масштабтарын былай таңдаймыз:

H — каналдың сызықтық өлшемі, H^2/ν — уақыт, D_{22}^*/H — жылдамдық,

$A_i H$ – концентрация, $\rho_0 \nu D_{22}^* / H^2$ – қысым.

(1) теңдеулер жүйесі өлшемсіз шамалар арқылы келесі түрге түрлендіріледі:

$$\begin{aligned} \frac{\partial c_1}{\partial t} + \frac{1}{Pr_{22}} \mathbf{u} \nabla c_1 &= \frac{1}{Pr_{11}} \Delta c_1 + \frac{1}{Pr_{22}} \tau_{12} \Delta c_2, \\ \frac{\partial c_2}{\partial t} + \frac{1}{Pr_{22}} \mathbf{v} \nabla c_2 &= \frac{A_1}{A_2} \frac{1}{Pr_{22}} \tau_{21} \Delta c_1 + \frac{1}{Pr_{22}} \Delta c_2, \end{aligned} \quad (2)$$

$$\frac{\partial \mathbf{u}}{\partial t} + \frac{1}{Pr_{22}} \nabla (\hat{\mathbf{u}} \cdot \mathbf{u}) = -\nabla p + \Delta \mathbf{u} + (Ra_1 \tau_{11} c_1 + Ra_2 c_2) ,$$

$$\operatorname{div} \mathbf{u} = 0,$$

мұндағы $Pr_{ii} = \nu / D_{ii}^*$ — Прандтльдің диффузиялық саны, $Ra_i = g \beta_i A_i H^4 / D_{22}^* \nu$ — Рэлейдің диффузиялық саны, мұндағы A_i — берілген өлшемсіз градиент.

Әрі қарай (Kossov, 2019) еңбекте ұсынылған алгоритмді қолданамыз. (2) теңдеулер жүйесін физикалық параметрлер бойынша жіктеу схемасы арқылы сандық жолмен шешеміз (Navon, 1987).

Цилиндрлік аймақтың қимасы декарттық координаттар жүйесінде екіөлшемді $H \times d$ облыс ретінде қарастырылады (1a-сурет). Есептеулер өлшемсіз торда, 128×128 өлшемдерінде жүргізілді.

Есептеудің бірінші кезеңінде қозғалыс мөлшерінің тасымалы тек конвекция мен диффузия есебінен жүзеге асады. Аралық жылдамдық өрісі Адамс—Бэшфорт және Кранк—Николсон схемалары бойынша анықталады (Kossov, 2019):

$$\frac{\hat{\mathbf{u}}^n - \mathbf{u}^n}{\Delta t} = -\frac{1}{2} (3H^n - H^{n-1}) + \frac{1}{2} \Delta (\hat{\mathbf{u}}^n + \mathbf{u}^n) + (Ra_1 \tau_{11} c_1 + Ra_2 c_2) , \quad (3)$$

мұндағы $H^n = -\nabla (\mathbf{u} \cdot \mathbf{u})^n$ — конвективті мүшелер, $\hat{\mathbf{u}}$ — аралық жылдамдық өрісі, Δt — уақыт бойынша қадам, n — t^n мезеттегі итерация нөмері.

Есептеудің екінші кезеңі қысымның жылдамдық мәнімен байланысын анықтайды:

$$\Delta p = \frac{\nabla \cdot \hat{\mathbf{u}}^n}{\Delta t}. \quad (4)$$

Үшінші кезең жылдамдық өрісін тек қысымның төмендеуіне байланысты қайта есептеуді қамтиды:

$$\frac{\mathbf{u}^{n+1} - \hat{\mathbf{u}}^n}{\Delta t} = -\nabla p. \quad (5)$$

Төртінші кезеңде концентрацияның компоненттері анықталады:

$$\begin{aligned} \frac{c_1^{n+1} - c_1^n}{\Delta t} &= \frac{1}{2} (F^{n+1} - F^n) + \frac{1}{Pr_{11}} \Delta c_1^n + \frac{1}{Pr_{12}} \Delta c_2^n, \\ \frac{c_2^{n+1} - c_2^n}{\Delta t} &= \frac{1}{2} (F^{n+1} - F^n) + \frac{1}{Pr_{21}} \Delta c_1^n + \frac{1}{Pr_{22}} \Delta c_2^n, \\ c_3^{n+1} &= 1 - c_1^{n+1} - c_2^{n+1}, \end{aligned} \quad (6)$$

мұндағы $F^n = -\nabla(\mathbf{u}^{n+1} \cdot \mathbf{c}^n)$ - конвективті мүшелері.

Ал, шекаралық шарттар мына түрде көрсетіледі:

$$\mathbf{u}(\mathbf{x}_B, \tau) = 0, \quad \frac{\partial c_i}{\partial n} = 0, \quad i = 1-3 \quad (7)$$

мұндағы $n = (n_1, n_2)$ - есептеу аймағының шекарасындағы сыртқы нормаль. Бастапқы шарттар осы түрде көрсетіледі:


$$\begin{aligned} \mathbf{u}(\mathbf{x}, \tau) &= 0, \\ c_1(\mathbf{x}, \tau = 0)|_{\mathbf{x} \in S_1} &= X_1, \quad c_1(\mathbf{x}, \tau = 0)|_{\mathbf{x} \in S_2} = 0, \\ c_2(\mathbf{x}, \tau = 0)|_{\mathbf{x} \in S_1} &= X_2, \quad c_2(\mathbf{x}, \tau = 0)|_{\mathbf{x} \in S_2} = 0, \\ c_3(\mathbf{x}, \tau = 0)|_{\mathbf{x} \in S_1} &= 0, \quad c_3(\mathbf{x}, \tau = 0)|_{\mathbf{x} \in S_2} = X_3. \end{aligned} \quad (8)$$

мұндағы X_i - жоғарғы компоненттердің концентрациясы S_1 және төменгі S_2 аймақтағы концентрация.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу жұмысы $0,3CH_4 + 0,7Ar - N_2$ газ қоспасы үшін жүзеге асырылды. Есептеулер қысым $p = 1 \text{ атм}$, ал температура $T = 295,0 \text{ K}$ жағдайлары кезінде, ал уақыт бойынша есептік қадамы $0,005$ деп алынып, уақыт бойынша өзгерісі: а) $t = 1,22 \text{ c}$; ә) $t = 1,63 \text{ c}$; б) $t = 1,83 \text{ c}$; в) $t = 2,24 \text{ c}$ -қа тең. Каналдың ұзындығы мен радиусы $L = 165 \cdot 10^{-2} \text{ m}$, $r = 10^{-2} \text{ m}$ мәндеріне тең болды. Берілген жүйе үшін қоспаның механикалық тепе-теңдігінің тұрақтылығын жоғалту уақыты шамамен бірнеше секундты құрайды. Осыдан кейін конвективтік ағындардың жылдам дамуы байқалады. Конвективтік ағындар ірі масштабты

құрылымдар түрінде жүзеге асады. Конвекция құрылымдарының пайда болу процесі периодтық сипатқа ие болуы мүмкін, ал мұндай араласу түрінде басым тасымалдаушы ретінде молекулалық массасы ең үлкен компонент әрекет етеді.

Сандық модельдеу нәтижелерін талдау барысында изоконцентрациялық сызықтардың уақыт өте келе айтарлықтай және жылдам деформацияланып, өзгеретіндігі, соның салдарынан күрделі құрылымдық ағын аймағы қалыптасатыны анықталды. Массалмасу үрдісіндегі көпқұрылымды динамиканың бар екендігі 2 суретте келтірілген нәтижелер арқылы да расталды.




Сурет 2 - Изоконцентрациялық өрістердің уақыт бойынша өзгеруі:

а) бастапқы кезеңдегі концентрация таралуы; ә) бастапқы ұйытқулардың пайда болуы; б) концентрациялық конвекцияның айқын дамуы және құрылымданған ағыс түзілуі; в) толық қалыптасқан көпқұрылымды конвективті құрылымдар.


Келесі кезекте, дәл осы жүйе қарастырылып, бірақ концентрация мәні өзгертілді. Қысым $p=1\text{атм}$, температура $T=295,0\text{ К}$, уақыт бойынша қадамы $0,005$ деп алынды. Есептеулер $0,25\text{CH}_4 + 0,75\text{Ar} - \text{N}_2$ жүйесі үшін жүргізілді.

Демек, зерттеліп отырған барлық жүйелерде диффузиялық орнықсыздықтың


байқалатыны анықталды. Диффузиялық режимнен конвективті режимге ауысудың негізгі көрсеткіштерінің бірі өзара диффузия коэффициенттерінің едәуір айырмашылығына байланысты изоконцентрациялық сызықтардың бейсызық түрге енуі болып табылады. Сонымен қатар, қысымның жоғарылауымен изоконцентрациялық аймақта конвективті құрылымдардың түзіле бастайтыны байқалады. Берілген нәтижелер қоспаның араласу кезеңдерін сипаттап, изоконцентрациялық сызықтардың қисаюуы уақыт өткен сайын айтарлықтай жылдам өсіп, нәтижесінде күрделі құрылымдармен сипатталатын ағындардың пайда болуына әкелетіні көрсетеді. Ағын түзілуі барысында оның шекарасы аумағында диффузиялық таралу айқын әрі нақты байқалады. Метан, азот және аргон компоненттерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде концентрацияның төмендейтіні де көрінеді.




а)




ә)



б)



в)



г)

Сурет 3 - $p=1$ атм, $T=295,0$ К, $L = 165 \times 10^{-2}$ м, $r = 10^{-2}$ м мәндері үшін жүйесіндегі метан изоконцентрациялық сызығының динамикасы

Қорытынды. Ұсынылған математикалық модель үшкомпонентті газ қоспасының әртүрлі құрамдық мәндері үшін конвективтік құрылымның түзілу процесін сипаттауға мүмкіндік береді. Конвективтік орнықсыздықтың пайда болуы диффузия кезінде байқалмайтын изоконцентрациялық таралулардың айтарлықтай қисаюымен байланысты болуы мүмкін. Концентрациялық таралулардың қисаю дәрежесі жүйедегі молекулалық массасы ең үлкен компоненттің мөлшеріне тәуелді. Белгілі бір құрамдарда бұл қисаю жойылып, жүйеде таза диффузия процесі жүзеге асады.

Осылайша, сандық есептеу нәтижелері қолданылған модель мен есептеу әдісінің «диффузия — концентрациялық конвекция» режимдерінің ауысу параметрлерін анықтауға және сенімді деректер алуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Әдебиеттер

Arekhov V., Zhainaakov T., Clemens T., Wegner J. (2023) Measurement of effective hydrogen—methane gas diffusion coefficients in reservoir rocks, SPE Reservoir Evaluation & Engineering. — Vol. 26, № 4. — P. 1242—1257.

Bejan A. (2004) Convection Heat Transfer. — New York: Wiley. — 696 p.

Bird B.R., Stewart W.E., Lightfoot E.V. (2002) Transport Phenomena. — New York: John Wiley and Sons. — 914 p.

Bogatyrev A.F., Makeenkova O.A., Nezovitina M.A. (2013) Experimental study of gas diffusion in multicomponent gaseous systems, International Journal of Thermophysics. — Vol. 36, № 4. — P. 633—647.

Bogatyrev A.F., Makeenkova O.A., Nezovitina M.A. (2014) Temperature and concentration dependences of thermal-diffusion separation in ternary gas systems, Journal of Engineering Physics and Thermophysics. — Vol. 87, № 5. — P. 1255—1265.

Kosov V.N., Fedorenko O.V., Zhavrin Y.I., Mukamedenkyzy V. (2014) Instability of mechanical equilibrium during diffusion in a three-component gas mixture in a vertical cylinder with a circular cross section, Technical Physics. — Vol. 59, № 4. — P. 482—486.

Kossov V., Krasikov S., Fedorenko O. (2017) Diffusion and convective instability in multicomponent

gas mixtures at different pressures, *European Physical Journal Special Topics*. — Vol. 226. — P. 1177—1187.

Kossov V.N., Fedorenko O.V., Zhakebaev D.B., Kizbaev A.P. (2019) Peculiarities of the rise of structured formations at the boundary of the change of the regimes “Diffusion — Concentration convection” at an isothermal mixing of a binary mixture equally diluted by the third component, *Thermophysics and Aeromechanics*. — Vol. 26, № 1. — P. 31—40.

Kossov V.N., Mukamedenkyzy V., Tolepbergen A., Altenbach H. (2025) Peculiarities of combined mixing caused by instability of mechanical equilibrium of isothermal ternary gas mixture at diffusion, *International Journal of Chemical Engineering*. — Vol. 2025, Issue 1. — 10 p.

Levintal E., Dragila M.I., Kamai T., Weisbrod N. (2019) Measurement of gas diffusion coefficient in highly permeable porous media, *Vadose Zone Journal*. — Vol. 18. — P. 180—196.

Navon M. (1987) Pent: a periodic penta-diagonal systems solver, *Communications in Applied Numerical Methods*. — Vol. 3, № 1. — P. 63—69.

Nield D.A., Bejan A. (2006) *Convection in Porous*. — New York: Springer. — 654 p.

Ruev G.A., Fedorov A.V., Fomin V.M. (2009) Description of the anomalous Rayleigh—Taylor instability on the basis of the model of dynamics of a three-velocity three-temperature mixture, *Journal of Applied Mechanics and Technical Physics*. — Vol. 50, № 1. — P. 49—57.

Shen J., Zhou J., Nelson G.C. et al. (2011) Measurement of effective gas diffusion coefficients of catalyst layers of PEM fuel cells with a Loschmidt diffusion cell, *Journal of Power Sources*. — Vol. 196, № 2. — P. 674—678.

Гершуни Г.З., Жуховицкий Е.М. (1972) Конвективная устойчивость несжимаемой жидкости. — М.: Наука. — 392 с.

References

Arekhov V., Zhainaakov T., Clemens T., Wegner J. (2023) Measurement of effective hydrogen—methane gas diffusion coefficients in reservoir rocks, *SPE Reservoir Evaluation & Engineering*. — Vol. 26, № 4. — P. 1242—1257. (in English)

Bejan A. (2004) *Convection Heat Transfer*. — New York: Wiley. — 696 p. (in English)

Bird B.R., Stewart W.E., Lightfoot E.V. (2002) *Transport Phenomena*. — New York: John Wiley and Sons. — 914 p. (in English)

Bogatyrev A.F., Makeenkova O.A., Nezovitina M.A. (2013) Experimental study of gas diffusion in multicomponent gaseous systems, *International Journal of Thermophysics*. — Vol. 36, № 4. — P. 633—647. (in English)

Bogatyrev A.F., Makeenkova O.A., Nezovitina M.A. (2014) Temperature and concentration dependences of thermal-diffusion separation in ternary gas systems, *Journal of Engineering Physics and Thermophysics*. — Vol. 87, № 5. — P. 1255—1265. (in English)

Gershuni G.Z., Zhukhovitskii E.M. (1972) Конвективная устойчивость несжимаемой жидкости [Convective stability of incompressible fluid]. Moscow Nauka 392 p. (in Russian)

Kossov V.N., Fedorenko O.V., Zhavrin Y.I., Mukamedenkyzy V. (2014) Instability of mechanical equilibrium during diffusion in a three-component gas mixture in a vertical cylinder with a circular cross section, *Technical Physics*. — Vol. 59, № 4. — P. 482—486. (in English)

Kossov V., Krasikov S., Fedorenko O. (2017) Diffusion and convective instability in multicomponent gas mixtures at different pressures, *European Physical Journal Special Topics*. — Vol. 226. — P. 1177—1187. (in English)

Kossov V.N., Fedorenko O.V., Zhakebaev D.B., Kizbaev A.P. (2019) Peculiarities of the rise of structured formations at the boundary of the change of the regimes “Diffusion — Concentration convection” at an isothermal mixing of a binary mixture equally diluted by the third component, *Thermophysics and Aeromechanics*. — Vol. 26, № 1. — P. 31—40. (in English)

Kossov V.N., Mukamedenkyzy V., Tolepbergen A., Altenbach H. (2025) Peculiarities of combined mixing caused by instability of mechanical equilibrium of isothermal ternary gas mixture at diffusion, *International Journal of Chemical Engineering*. — Vol. 2025, Issue 1. — 10 p. (in English)

Levintal E., Dragila M.I., Kamai T., Weisbrod N. (2019) Measurement of gas diffusion coefficient in highly permeable porous media, *Vadose Zone Journal*. — Vol. 18. — P. 180—196. (in English)



Navon M. (1987) Pent: a periodic penta-diagonal systems solver, *Communications in Applied Numerical Methods*. — Vol. 3, № 1. — P. 63—69. (in English)

Nield D.A., Bejan A. (2006) *Convection in Porous*. — New York: Springer. — 654 p. (in English)

Ruev G.A., Fedorov A.V., Fomin V.M. (2009) Description of the anomalous Rayleigh—Taylor instability on the basis of the model of dynamics of a three-velocity three-temperature mixture, *Journal of Applied Mechanics and Technical Physics*. — Vol. 50, № 1. — P. 49—57. (in English)

Shen J., Zhou J., Nelson G.C. et al. (2011) Measurement of effective gas diffusion coefficients of catalyst layers of PEM fuel cells with a Loschmidt diffusion cell, *Journal of Power Sources*. — Vol. 196, № 2. — P. 674—678. (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www.nauka-nanrk.kz
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.12.2025.

Формат 60x88¹/₈.
18,0 п.л. Заказ 4.